

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1352

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының заңы

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 2, 182-бап; 1999 ж., N 11, 357-бап, N 21, 787-бап):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) Кіріспе алынып тасталсын;

3) барлық мәтін бойынша:

"Жарлыққа", "Жарлықпен", "Жарлықтағы", "Жарлық" деген сөздер сәйкесінше "Заңға", "Заңмен", "Заңдағы", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(уәкілетті мемлекеттік орган)", "(Блок)", "(Блоктар)", "(Блоктарға)", "(Блокқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

"инвестициялық бағдарламалар конкурсы", "инвестициялық бағдарламалар конкурсында", "инвестициялық бағдарламалар конкурсын" деген сөздер тиісінше "

конкурсы", "конкурсында", "конкурсын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) Жұмыстардың жылдық бағдарламасы - Жер қойнауын пайдаланушының ол күнтізбекті жылда жоспарлайтын жұмыстар көлемі мен қаржылық шығындардың егжей-тегжейлі белгілеуін қамтитын күнтізбекті жылға арналған іс-қимылдарының ж о с п а р ы " ;

2) тармақшадағы "Пайдалы қазбалардың болуы бойынша" деген сөздер "іздістіру және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу жолымен Пайдалы қазбалардың бар-жоқтығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-2) тармақшада "Өндіруге, Құрылысқа" деген сөздерден кейін "және (немесе) пайдалануға" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада "Өндіру-" деген сөзден кейін "бастапқы өңдеу бойынша технологиялық операциялар" деген сөздермен толықтырылсын";

3-1) тармақшадағы "жер қойнауын пайдалану" деген сөздер "жерді пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - 2) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"коммерциялық мақсаттарда" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Құзыретті орган - Контрактілер жасаумен және орындаумен байланысты туындайтын құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін және Қазақстан Республикасының атынан іс-қимыл жасайтын мемлекеттік о р г а н " ;

6) тармақшада "Құрылысқа" деген сөздерден кейін "(немесе) пайдалануға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"7-1) Тарату қоры - Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің салдарларын жою үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Контрактілердің ережелеріне сәйкес Жер қойнауын пайдаланушы қ ұ р а т ы н қ о р " ;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) Жер қойнауын қорғау - барлауды жүргізу кезінде жер қойнауының ресурстары туралы шынайы ақпарат алуға және оларды өндіру кезінде пайдалы қазбаларды неғұрлым толық алуға, айнала ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған і с - ш а р а л а р ж ү й е с і " ;

1 7) т а р м а қ ш а д а :

"Құрылысқа және" деген сөздерден кейін "(немесе)" сөзімен толықтырылсын;

"байланысты емес" деген сөздерден кейін "Барлаумен және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-2), 18-3), 18-4)-тармақшалармен толықтырылсын:

18-2) Қатты пайдалы қазбаларды бастапқы қайта өңдеу (байыту) - өндіруге тікелей енетін және орында жинауды, үгітуді немесе, ұсақтауды жіктеуді (сорттауды), брикеттеуді, агломерлеуді және физикалы-химиялық тәсілдермен байытуды (қатты пайдалы қазбалардың минералдық нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымы айтарлықтай өзгертпестен) қамтитын кен орындарын өнеркәсіптік игерудің соңғы сатысы болып табылатын тау-кендік өнеркәсіптік түрі;

18-3) іздестіру жұмыстары - перспективалы участоктар мен пайдалы қазбалардың кендік нышандарын табу және шеңберлеу, болжамды ресурстарын бағалау және оларға алдын ала геологиялық-экономикалық баға беру мен геологиялық іздестіру жұмыстарын негіздеу мақсатында геологиялық барлау жұмыстарының сатысы болып табылатын жұмыстар;

18-4) Іздестіру-баға беру жұмыстары - ашылған объектінің жалпы ресурсын анықтау, олардың өнеркәсіптік мәніне баға беру және орындылығын техникалық-экономикалық негіздеу, оны әзірлеуге тарту қажеттілігі мақсатында геологиялық барлау жұмыстарының сатысы болып табылатын жұмыстар;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Пайдалы қазба - табиғи күйінде немесе бастапқы өңдеуден кейін материалдық өндірісте қолдануға жарамды жер қойнауында және минералдық шикізатта қатты, сұйық немесе газ күйінде кездесетін табиғи минералдық құрылым (соның ішінде жерасты сулары мен шипалы балшық) 20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) Кен орындарын әзірлеудің оң тәжірибесі - Барлау мен Өндіру кезінде қолданылатын Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ұтымды, қауіпсіз, экономикалық және қажетті деп саналатын жалпы қабылданған оң халықаралық тәжірибе";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) Жұмыс бағдарламасы - Жер қойнауын пайдаланушының осы Заңның 41-5-бабының 5-тармағына сәйкес конкурстық ұсыныстар шарттарын қоса алғанда, Контракт күшінің толық мерзіміне қабылдаған міндеттемелерінің көлемі";

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) Жер қойнауын Пайдалы қазбаларды ұтымды және кешенді пайдалану - Кен орнын пайдалану процесінде жер қойнауының табиғи қорларын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әдістер мен технологияларды пайдалану";

25) тармақшада:

"Құрылыс және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

"Құрылысқа және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) техногендік минералдық түзілімдер - құрамында пайдалы компоненттер бар,

кен өндіру және кен байыту өндірістерінің қалдықтары болып табылатын, жағалауларда, эфелдерде террикондарда, жинағыш-тоғандарда, тасқын суларда және өзге де нысандарда болатын минералдық түзілімдердің, тау жыныстарының ж и н а қ т а л у ы . " ;

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"26-1) техногендік су - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды өткізу кезінде технологиялық процестерді жүргізу үшін аластатылуы қажет су. Жер қойнауын пайдаланушы техногендік суды өз қалауы бойынша заңнама талаптарына сәйкес ж ұ м с а у ғ а қ ұ қ ы л ы " ;

27) тармақшада "жер қойнауын пайдалануға берудің" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

27-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27-1) Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттарда жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір салаларында қызметті жүзеге асыру үшін құрылған оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуы бар заңды тұлға (бұдан әрі - Ұлттық к о м п а н и я) " ;

мынадай мазмұндағы 27-2) тармақшамен толықтырылсын:

"27-2) экологиялық қауіпсіздік - қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер етулер нәтижесінде туындаған қатерлерден тұлғалардың, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қорғалушылық жағдайы";

5) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Жер қойнауы және оның құрамындағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігі болып табылады":

3 - т а р м а қ т а :

"түзілімдер" деген сөзден кейін "және техногендік сулар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай редакциядағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Техногендік минералдық түзілімдердің әзірленіміне қорлардың мемлекеттік сараптамасы өткізілгеннен және Контракт жасалғаннан кейін жол беріледі";

5 - т а р м а қ т а :

"түзілімдер" деген сөзден кейін "және техногендік сулар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"түзілімдермен" деген сөзден кейін "техногендік сулармен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшадағы "инвестициялық" деген сөздің алдынан "жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "бойынша" деген сөзден кейінгі "бағдарламалар" деген сөз а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7) 7-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) конкурсқа ұсынылуға жататын, оның ішінде Ұлттық компанияның үлестік қатысуымен Жер қойнауы учаскелерінің тізбесін, сондай-ақ тікелей келіссөздер негізінде Ұлттық компания ұсынатын Жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді";

8) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "келісуді" деген сөз "сараптауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) т а р м а қ ш а д а :

"Өндіруді" деген сөз "Барлауды, Өндіруді немесе бірлескен Барлауды және Өндіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Контрактілердің шарттарын орындауды сақтаудың мониторингі мен бақылау құрылымын, мазмұнын және жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді." ;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге Кен орындарының қорларына мемлекеттік сараптамадан кейін және өнеркәсіптік санаттардың қорлары бар екендігі расталғаннан кейін ғана конкурс өткізілсін және Контактілер жасалсын";

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) бірлескен Барлау және Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге көмірсутегі шикізатын қоспағанда, өнеркәсіптік емес санаттардың бекітілген қорлары бар болған кезде конкурс өткізілсін және Контактілер жасалсын";

9) 9-баптың 5) тармақшасында "Өндіруге арналған Контракт" деген сөз "Барлауға, Өндіруге және бірлескен Барлауға және Өндіруге арналған Контактілер" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 10 - б а п т а :

1 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) біріккен Барлау және Өндіру";

4) тармақшадағы "Құрылысқа және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) 11-баптың 3-тармағында "жер қойнауын пайдаланушылар" деген сөздер "Жер қойнауын пайдаланушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 11 - 1 - б а п т а :

баптың атауындағы "жер қойнауларымен" деген сөздер "Жер қойнауларымен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтағы "Жер қойнауларын пайдалану" деген сөздер "Жер қойнауын

пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "Жер қойнауларын пайдалану" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3) 1 1 - 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Сервитут" деген сөзден кейін "Жер қойнауларының учаскесіне арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

"алып келеді" деген сөздер "алып келуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай редакциядағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Сервитут алуға мүдделі тұлға (Сервитут алуға үміткер) Сервитутты алу қажеттігі кезінде Сервитут белгіленуі тиіс жер қойнауының учаскесіне Жер қойнауын пайдаланушымен Сервитут белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге қол жеткізуге және Сервитутты белгілеу туралы шарт жасауға міндетті.

2-2. Сервитут алуға үміткер мен Жер қойнауын пайдаланушы арасында Сервитут белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге немесе Сервитутты белгілеу шартының ережелеріне қол жеткізілмеген болса, мүдделі тұлға сотқа жүгінуге құқылы";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сервитутты беру Құзыретті органның шешімі негізінде Геологиялық немесе Тау-кендік бөлінісін ресімдеу жолымен жүзеге асырылады";

мынадай редакциядағы 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сервитут Құзыретті органда тіркеуге жатады.

3-2. Жер қойнауының учаскесіне арналған Сервитутты белгілеу кезінде, егер Сервитуттың ережелері туралы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе Сервитуттың құқық иегері Жер қойнауын пайдаланушының Сервитутпен байланысты шығындарын өтеуге міндетті.

3-3. Сервитуттың ережелері туралы шартта Сервитуттың құқық иегері Жер қойнауын пайдаланушыға төлейтін төлем көзделуі мүмкін.

3-4. Сервитут мерзімі өткеннен кейін не ол берілген негіздер тоқтатылған кезде тоқтатылады";

4-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жер қойнауының учаскесіне қатысты Сервитутпен жүктелген жер қойнауын пайдалану құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығы әмбебап құқықтық мұрагерлік тәртібінде басқа тұлғаға тапсырылған жағдайда Сервитут сақталады";

1 4) 1 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Барлау, Өндіру немесе бірлескен Барлау және Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контракт конкурс өткізудің нәтижелері негізінде жасалады.

Конкурстыз тура келіссөздер негізінде мынадай Контрактілер жасалады:

1) Барлауға арналған Контрактінің негізінде Коммерциялық табуға байланысты Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалануға арналған құқықты алуға ерекше құқығы бар тұлғамен Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған;

2) Барлаумен және/немесе өндірумен байланысты емес Жер асты құрылыстарын салу және/немесе пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған;

3) Ұлттық компаниямен Барлауды, Өндіруді жүргізуге арналған".

2 - т а р м а қ т а :

"Өндіруді" деген сөз "Барлауды, Өндіруді немесе бірлесіп Барлауды және Өндіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"негізінде" деген сөз "жолымен" деген сөзбен ауыстырылсын;

"коммерциялық мақсаттарда" деген сөз алынып тасталсын;

2-1-тармақта "қорларымен" деген сөзден кейін "жекелеген түрлер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік органның әкімшілік актісінің негізінде" деген сөздер "мемлекеттік органмен Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған шартты жасасу жолымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар туралы" деген сөз алынып тасталсын;

4-1-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "Жер қойнауын пайдаланушыларға" деген сөздер "тұлғаларға" деген сөзбен ауыстырылсын, екінші сөйлеміндегі "жер қойнауын пайдаланушылар" деген сөздер "тұлғалар" деген сөзбен ауыстырылсын, үшінші сөйлеміндегі "Жер қойнауын пайдаланушыларды" деген сөздер "тұлғаларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Геологиялық және Тау-кендік бөлуді беру тәртібі

1. Жер қойнауын пайдалану құқығының иегері Барлауға, Өндіруге, бірлескен Барлау мен Өндіруге, сондай-ақ Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес Жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті Операцияларды тек Геологиялық және Тау-кендік бөлуге сәйкес белгіленген Жер қойнауы учаскесінде жүргізуге құқылы.

2. Өндіруге арналған Жер қойнауын пайдалану құқығының иегері Барлау жөніндегі операцияларды Тау-кендік бөлумен белгіленген Жер қойнауы учаскесінің шектерінде жүргізуге құқылы. Қорлардың өсуі және оларды мемлекеттік сараптама бекіткен жағдайда тараптардың жазбаша келісімімен Контрактіге белгіленген заңнамалық тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуі тиіс.

3. Геологиялық бөлуі Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган конкурс жеңімпазына немесе затқа көзделген жағдайларды конкурстық, Жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылатын тұлғаға береді.

4. Геологиялық бөлуді Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган конкурс жеңімпазына немесе Осы Заңмен көзделген жағдайларда конкурстық, Жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылатын тұлғаға көрсетілген тұлға Тау-кендік бөлу жобасын ұсынған күннен бастап 45 күннен кешіктірмей береді";

1 6) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын ақылы не тегін негізде басқа тұлғаға (еншілес ұйымнан басқа) кез келген берулері құрылатын заңды тұлғаның жарғылық қорына жарна ретінде беруін қоса алғанда, сондай-ақ Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруі, Жер қойнауын пайдалану құқығын Жер қойнауын пайдаланушының банкроты кезінде конкурстық өндірісі процесінде не Жер қойнауын пайдаланушылардың - мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру процесінде сатылатын мүліктік кешені құрамында беруді қоспағанда, Құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Жер қойнауын пайдалану құқығына кепілге берілген несие тек Контрактімен көзделінген жер қойнауын пайдалану мақсаттарына ғана пайдаланылуы тиіс.

1-2. Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы кезінде кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға айналдыру кепіл туралы заңнамамен белгіленген тәртіппен жүргізіледі." ;

4-тармақтағы "Өндіруге" деген сөз "Барлауға, Өндіруге және бірлескен Барлау мен Өндіруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта "жер учаскесінің" деген сөзден кейін "Тау-кен және (немесе) Геологиялық бөлінісін" деген сөздермен толықтырылсын;

9-2-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану құқығын беру Контрактіге тиісті өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген және олардың тіркелген сәтінен бастап орындалған болып есептеледі" ;

1 7) 1 5 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 8) 1 8 - б а п м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"18-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуі осы Заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген заңды және жеке тұлғалар жүргізе алады.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстар республикалық бюджеттен немесе заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырыла алады. Акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі

мемлекеттік органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен біріккен заңды тұлғалардың билігіндегі ақшалардың есебінен Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды қаржыландыру кезінде шарт жасасу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі";

19) 20 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көмірсутектік шикізатты бастапқы өңдеу Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операция болып табылмайды.

Мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2-тармақтарымен толықтырылсын:

"1-1 Пайдалы қазбаларды бастапқы қайта өңдеу (байыту) Өндірудің технологиялық операциясы болып табылады;

1-2 Пайдалы қазбаларды бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) технологиялық режимі осы саладағы ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін пайдалануды, пайдалы компоненттердің ең аз технологиялық шығындарын, еңбектің қауіпсіз шарттарын және айнала ортаны қорғауды көздеуі тиіс.

Бастапқы өңдеуді жүзеге асырушы Жер қойнауын пайдаланушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) оның құрамындағы пайдалы компоненттердің тиімді (экономикалық тиімді) алынуын қамтамасыз етуші минералдық шикізатты бастапқы өңдеудің технологиялық жүйесін қатаң сақтау; бастапқы қайта өңдеу (байыту) сатысында пайдалы компоненттердің бөлінуін және олардың пайдалы қазбалардан бөлініп алыну дәрежесін есепке алу және бақылау;

2) Минералдық шикізаттың технологиялық ерекшелігі мен құрамын одан әрі зерделеу, пайдалы қазбаларды бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) технологиялық жүйесін жетілдіру мақсатында тәжірибелік технологиялық сынақтарды жүргізу;

3) бастапқы өңдеудің өнімдері мен қалдықтарын (қалдықтар, ақпа сулар және басқалар) неғұрлым толық пайдалану; өндірістің уақытша пайдаланылмайтын құрамында пайдалы компоненттер бар өнімдері мен құқықтарын айнала ортаны қорғау туралы заңнамалардың талаптарын сақтаумен қоймалау, есебін жүргізу және сақтау";

20) 4-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс";

21) 41-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1-бап. Барлауды, өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге арналған құқықты беру тәртібі

1. Құзыретті орган Барлауға, Өндіруге немесе бірлескен Барлау мен Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған ашық және жабық конкурсқа шығарылатын Жер қойнауы учаскелерінің тізбесі бойынша, сондай-ақ конкурс шарты Ұлттық компанияның үлестік қатысуы болып табылатын Жер қойнауы учаскелерінің

тізбесі бойынша конкурс өткізеді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсты осы Заңның нормаларына сәйкес Құзыретті орган жүргізеді. Конкурсты жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының

Үкіметі

белгілейді";

2 2)

4 1 - 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

3)-тармақшада "және сипаттау" деген сөздер алынып тасталсын; екінші бөлімде "кен орнын ашқаны үшін төлемді" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Өтінім беру мерзімі бір айдан кем болмауы тиіс.

4. Конкурс шарттарын жариялау күнімен немесе жабық конкурстың әлеуетті қатысушыларын хабардар ету күнімен және конкурсты өткізу күні (қорытындыны шығарар алдында) арасындағы мерзім үш айдан кем болмауы тиіс.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа тілек білдіруші тұлғалар Құзыретті органдағы конкурсқа шығарылған жер қойнауының сипаттамасымен

танысуға

құқылы";

23) 41-4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Өтінім беруші алған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етуге немесе беруге қ ұ қ ы ғ ы

ж о қ " ;

2 4)

4 1 - 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім беруші конкурс шарттарымен белгіленген мерзімде Барлауға, Өндіруге немесе бірлесіп Барлау мен Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық

ұ сы ны сты

ж а с а й д ы " .

2 - т а р м а қ т а :

2)-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі міндеттемелер мен ниеттер, жұмыс бағдарламасы мен олардың жүзеге асырылуына кететін шығындарды қосқанда, сондай-ақ басталу мерзімі мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды

жүргізу

қарқыны;

3) қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттемелер мен ниеттер, Контракт аумағының жерлерін ұқсату және қалпына келтіру туралы шарттарды қоса алғанда;

4) барлауды жеке және (немесе) қарызға алынған қаражат есебінен қаржыландыру міндеттемелері мен ниеттері, сондай-ақ бюджетке алғашқы төлемдері көлемдері";

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және инфрақұрылымның дамуына қатысу жөніндегі міндеттемелер мен ниеттер";

мынадай мазмұндағы 5-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) өтінім беруші ұсынған өзге де шарттар мен міндеттер";

б) тармақша алынып тасталсын;

3-тармақта 4) тармақшада "болжанған ақшалай түсімдер" деген сөздер "бастапқы, сондай-ақ бюджетке кейінгі төлемдердің болжанған көлемі туралы шарттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың 2-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу барысында өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен ниеттер Барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Жұмыс бағдарламасына енгізіледі, ал осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес ұсынылған міндеттемелер мен ниеттер тиісінше Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Жұмыс бағдарламасына немесе бірлескен Барлау және Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Жұмыс бағдарламасына енгізіледі";

25) 41-7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-7-бап. Конкурс қорытындыларын шығару

1. Конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын конкурстық ұсыныстар берген өтінім берушілер қатарынан анықтайды. Конкурстық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Конкурс жеңімпазы конкурстық ұсыныстарды қарау негізінде анықталады.

3. Қорытындыларды шығару мерзімі конкурс шарттарымен анықталады, бірақ екі айдан аспауы тиіс. Конкурстың қорытындысын шығару мерзімі Конкурстық комиссияның шешімімен ұзартылуы мүмкін.

4. Бір конкурстық ұсыныс түскен жағдайда Құзыретті орган осы объект бойынша конкурс өткізу туралы қайтадан хабар береді. Жаңа өтінім берушілер болмаған жағдайда, конкурстық комиссия жалғыз өтінім беруші болған кезде конкурсты өтті деп т а н и а л а д ы .

5. Конкурстық комиссияның конкурс жеңімпазын анықтау немесе конкурсты өткен жоқ деп тану жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді.

6. Конкурс нәтижелері ресми баспа бетінде жариялануы тиіс.

7. Жер қойнауы учаскесінде жұмыстарды жүзеге асыруға арналған конкурс жеңімпазы Құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге Контракт жасайды. Жер қойнауын пайдалану құқығы Контракт жасалған және ол тіркелген сәттен бастап қана берілген және пайда болған болып есептеледі.

8. Конкурс жеңімпазы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге бір жылдан артық мерзімге Контракт жасамаған жағдайда, конкурстық комиссия өтінім берушіні жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурс жеңімпазы деп тану туралы бұрын қабылданған шешімді жоққа шығаруға құқылы.";

26) 41-8-бап алынып тасталсын;

27) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған
К о н т р а к т і л е р " ;

2 8) 4 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакциядағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған
Контрактілер концессияның, өнімдерді бөлу бөлімінің, мердігерліктің, қайта қызметтер
көрсетудің (сервистік Контракт) шарттарымен жасалады";

2-1, 2-2 және 2-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Контрактінің шарттары тараптардың өзара келісімімен анықталады және
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі тиіс.

2-2. Контрактінің шарттары конкурстық ұсыныс шарттарымен салыстырғанда
Қазақстан Республикасына қатыстылығы жөнінен анағұрлым тиімсіз болуы мүмкін
емес. Бұл ретте салық салу ережелері салық заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

2-3. Жұмыс бағдарламасы Контрактіге міндетті қосымша болып табылады";
мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бірлескен Барлау мен Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған
Контрактіні жасасу кезінде Тараптармен тек қана Барлау жөніндегі операцияларды
жүргізумен байланысты шарттар келісілуі мүмкін. Өндіру жөніндегі операцияларды
жүргізумен байланысты Контрактінің шарттарын келісу Коммерциялық табылым
жағдайында жүргізіледі";

2 9) 4 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"мерзіммен" деген сөзден кейінгі "алтыға" деген сөз "алтыға дейін" деген сөзбен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"және тиісті жұмыс бағдарламаларымен" деген сөздер "Жұмыс бағдарламасымен
және Жұмыстардың жылдық бағдарламаларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"12 ай" деген сөздер "3 ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Өндіруге арналған Контрактінің мерзімі, егер Мердігер мерзімді ұзарту туралы
Контрактінің қолданылу мерзімі біткенге дейін 12-айдан кешікпей өтінсе, ұзартылуы
м ү м к і н " ;

3-тармақта "1-тармақпен" деген сөздер "1 және 2-тармақтармен" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 0) 4 3 - 1 - б а п т а :

4-тармақтағы "осы Жарлықтың 41-8-бабына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын

1-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушы Контракт жобасын Конкурстық комиссия Конкурс
жеңімпазы туралы шешім қабылдаған сәттен бастап төрт ай ішінде ұсынады. Құзыретті

орган Контракт шарттарын Жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жолымен келіседі.

2. Тараптармен келісілген Контракт жобасы осы баптың 1-тармағына сәйкес оған қол қойылғанға дейін бір ай мерзім ішінде мынадай міндетті сараптамаларға тартылады : заңдылық, экологиялық, экономикалық, салық, денсаулық сақтау және санитария, жер қойнауын қорғау, тау-кендік қадағалау мәселелері бойынша. Сараптамалық қорытындыларды тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес береді. Қажетті сараптама жүргізілгеннен кейін Құзыретті орган және Жер қойнауын пайдаланушы Контрактінің түпкілікті шарттарын келіседі.

3. Контракт Құзыретті органның тіркеуіне жатады. Контракт, егер де Контрактінің күшіне енуінің өзге де неғұрлым кешіктірілген мерзімдері Контракте айтылмаса, тіркелген сәттен бастап күшіне енеді".

4-1-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "үшін" деген сөзден кейін "Жер қойнауын пайдаланушы өтініш жасаған күннен бастап отыз күн ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3 2) 4 5 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"45-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі Құзыретті орган мен мемлекеттік орган Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны мынадай жағдайларда алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға құқылы:

1) Жер қойнауын пайдаланушы Контракті мен Жұмыстардың жылдық бағдарламаларының шарттарын бұзған жағдайда;

2) Жер қойнауын пайдаланушы қоршаған орта мен жер қойнауын қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізу бөлігінде заңнама талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда"; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақшамен толықтырылсын:

"1-1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату туралы шешім шыққанға дейін Құзыретті орган Жер қойнауын пайдаланушыны анықталған кемшіліктер туралы жазбаша хабардар етуге және соңғысының бұл кемшіліктерді тудырған себептер туралы түсініктемесін алуы міндетті. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, егер де ереже бұзушылыққа жол берген себептер жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатпайынша мүмкін болмаса, сондай-ақ Жер қойнауын пайдаланушыдан бұзушылықтар туралы хабарланған сәттен бастап бір айдың ішінде ереже бұзушылықтың себептері туралы түсінік алмаған жағдайда тоқтатуға құқылы";

33) 45-2-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және

Контрактіде көзделген негіздер мен тәртіптер бойынша ғана Контракт шарттарын тоқтата немесе өзгерте алады.

4. Тараптар Контрактінің күші тоқтаған немесе оның шарттары өзгертілген сәтте орындалмай қалған ағымдағы міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

5. Контрактінің тоқтатылуы Жер қойнауын пайдаланушыны Контрактілік аумақты, халықтың денсаулығы мен өміріне және қоршаған ортаға қауіпсіздікті қамтамасыз ететін Контракті жасар алдындағы жай-күйге дейінгі қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерін орындаудан босатпайды";

34) 46-бап алынып тасталсын;

35) 47-баптың 2) тармақшасындағы "Пайдалы қазбаларды" деген сөздер "Жер қойнауының ресурстарын" деген сөзбен ауыстырылсын";

36) 48-бапта:

2-тармақта:

б) тармақшадағы "ластануды" деген сөзден кейін "үстіңгілерін және" деген сөздермен толықтырылсын";

мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) ластайтын заттарды атмосфералық ауаға лақтырудың алдын алу;

12) кен орындарын тарату (консервациялау) жобалары бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тарату қорын құру және пайдалану ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Тарату қорына аударымдардың көлемі мен тәртібі Контрактімен белгіленеді. Тарату қорының қаражаттарын пайдалану жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен келісу бойынша Құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.";

37) 49-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы "жер қойнауын пайдалануға" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "алу" деген сөздің алдынан "жер қойнауынан" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада "Өңдеу" деген сөз "бастапқы өңдеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

37) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Жер қойнауын қорғау саласында талаптарды бұзушылық үшін жауапкершілік

1. Жер қойнауын қорғау саласында талаптарды бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

2. Жер қойнауын қорғау саласында талаптарды бұзудың нәтижесінде зиян келтірген тұлғалар егер де зиян тежеусіз күштің нәтижесінде болғандығын дәлелдей алмаса, онда нақты келтірілген зиянның көлемінде оның орнын толтыруға міндетті.

3. Жер қойнауын қорғау саласында талаптарды бұзудың нәтижесінде келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган және Жер қойнауын пайдаланушы белгілейді не болмаса Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес соттың шешімімен белгіленеді.

4. Жер қойнауын қорғау саласында талаптарды бұзудың нәтижесінде келтірілген зиянды анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

39) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеттері:

1) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласына жататын лицензиялық-контрактілік шарттардың сақталуын бақылау;

2) жер қойнауын пайдалану және қорғаудың мемлекеттік мониторингі;

3) жер қойнауын қорғау жөніндегі оның ішінде Өндіру жөніндегі, операцияларды жасау кезінде Жер қойнауын ілгері кеткен геологиялық зерделеудің толықтығын қамтамасыз ету бойынша, жобалық шешімдерге сәйкестігінің, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау мен тарату кезінде барлық жер қойнауын пайдаланушылардың заңнамалық актілермен белгіленген талаптарды орындауын
б а қ ы л а у ;

4) пайдалы қазбалардың аршылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорларының есебі мен олардың өндіру кезіндегі шығынының шынайылығын бақылау;

5) жер қойнауының ластанудан, су тасқынынан, өрттен және кен орны мен қоршаған ортаның бұзылуына әкеліп соғатын техногендік процестерден сақталуын
б а қ ы л а у ;

6) жер қойнауын қорғау жөніндегі негізделген талаптарды басқа мемлекеттік органдармен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесе отырып әзірлеу;

2. Мемлекеттік органның жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі ө к і л е т т і к т е р і :

1) заңнама актілерінің талаптарын бұзушылықты жою туралы ақыл-кеңес бере отырып, жер қойнауын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша жер қойнауын пайдалану объектілерін зерттеуді жүргізуді;

2) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын қорғау туралы заңнамалық актілердің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруды ;

3) жер қойнауын пайдалану мен қорғау туралы заңнамалық актілердің талаптарын бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға әкімшілік шаралар қолдану, сондай-ақ кінәлілерді заңнамалық актілермен белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдарды құқық қорғау органдарына беруді;

4) белгіленген тәртіппен және жер қойнауын пайдалану мен қорғау туралы заңнамалық актілерде көздемеген жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілуімен байланысты жұмыстарды тоқтата тұру және тыйым

с а л у д ы ;

5) орталық атқарушы органдарға және басқа да мемлекеттік органдарға жер қойнауын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау органдарының құзырына кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуді көздейді";

40) 52-1-баптың 2-тармағында "жер қойнауын қорғау үшін мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органы" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 53-баптың 2-тармағында "уәкілетті" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

42) 54-бап мынадай редакциядағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың ықпал ету аймағында халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп туған жағдайда Жер қойнауын пайдаланушы жұмысты тоқтатуға міндетті және тұрғындар үшін қауіпсіз жағдай жасамайынша және туындаған қауіпті жоймайынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны ж а н д а н д ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Қауіптің алдын алу үшін өзге шараларды қолдану мүмкін болу кезде Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қауіпті ықпал ету аймағынан тұрғындар көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

43) 57-баптың 1-тармағында "ұтымды" деген сөзден кейін "және" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

44) 59-баптың 1-тармағында "шаруашылық" деген сөз алынып тасталсын;

45) 61-баптың 1-тармағында 1) тармақшада "уәкілетті" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"Жер қойнауын ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау мақсатында" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

46) 63 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1)-тармақшада "әлемдік тәжірибеде қабылданған стандарттарда" деген сөздер "халықаралық тәжірибеде қабылданған стандарттарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада "қызметкерлер мен халықты" деген сөздерден кейін "және қоршаған ортаны қорғаудың" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Шетел мамандары мен жұмысшыларын тарту деңгейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

мынадай редакциядағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Контракт бойынша тартылған персоналды дайындау және қайта дайындау бойынша қаржыландыруды жүзеге асыру; Қаржы қаражаттарының көлемі Контрактімен белгіленеді";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Құзыретті органға Жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат ұсыну;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Контрактімен белгіленген салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді уақытылы төлеуге";
мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) өз қызметінің экологиялық салдарларын болжау;

18) экологиялық сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру және қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі жауапкершілік.";

4 7) 6 4 - б а п т а :

1, 2 және 3-тармақтар алынып тасталсын;

3 - 1 - т а р м а қ т а :

"жобамен немесе" сөздері "Контрактімен және" сөздерімен ауыстырылсын;

3 - 5 - т а р м а қ т а :

"Жер қойнауын пайдаланушының жұмыстары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерінің, кен орнының қорларын сынақпен пайдалану жөніндегі жобаларды қосқанда, бекітілген жылдық бағдарламаларының көшірмелері" деген сөздер "Жылдық жұмыс бағдарламаларын келісу хаттамаларының көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және есеп берулерді" деген сөздер алынып тасталсын;

3 - 6 - тармақ алынып тасталсын;

48) мынадай мазмұндағы 64-1-тармақпен толықтырылсын:

"64-1-тармақ. Коммерциялық табылым

1. Барлауға арналған Контрактінің негізінде Барлау жүргізген және Коммерциялық табылым жасаған Жер қойнауын пайдаланушының тікелей келіссөздер жүргізу негізінде Өндіруге құқық алуына айрықша құқығы бар.

2. Жер қойнауын пайдаланушы Барлау нәтижесінде Кен орнын (Кен орындарын) тапқан жағдайда бұл туралы Құзыретті органды хабардар етуге, Кен орнына баға беруге және ол Коммерциялық табылым болып табыла ма, жоқ па сол туралы қорытынды жасауға міндетті. Табылым туралы хабардар ету мерзімі, бағалау, Коммерциялық табылымның бар екендігі туралы шешім қабылдауды талқылау рәсімі Контракте айқындалады.

3. Коммерциялық табылым кезінде Жер қойнауын пайдаланушыға Контрактінің шарттарына сәйкес шығындарды толық немесе ішінара орнын толтыру құқығы беріледі. Бұл ретте негізсіз ұлғайтылған сипаттағы немесе Кен орындарын ашудың Оң тәжірибесінен келісілмеген немесе Жер қойнауын пайдаланушының жұмыстарды жүргізу, Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі саласында мемлекет белгілеген ережелер мен нормаларды бұзумен байланысты келтірілген немесе олардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Контрактімен жүктелген өзге де міндеттерді бұзумен байланысты шығындардың орнын толтыруға жол берілмейді.

Егер Барлау нәтижесінде Коммерциялық табылым табылмаса, Жер қойнауын пайдаланушының салынған қаржылардың орнын толтыруға құқығы жоқ.

4 9) 6 6 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"66-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату немесе тоқтата тұру кезіндегі міндеттері".

1 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемдегі "өндірістік объектілері" деген сөздерден кейін "мен жер учаскелері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операция тоқтатылған кезде Жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің салдарлары жойылуы тиіс";

2-тармақта "Құрылыс және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

5 0) 6 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "шетелдік немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес жер қойнауын пайдаланушысының үлесінен" деген сөздері "Жер қойнауын пайдаланушының" деген сөздерімен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ алынып тасталсын;

5 1) 6 9 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жер қойнауын Мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі операцияларды жүргізу барысында қаржыландыру көздерінен тәуелсіз алынған ақпарат мемлекеттің меншігі болып табылады және жүргізілген жұмыстардың аяқталуы бойынша Жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органға беруіне жатады";

4 - т а р м а қ т а :

"уәкілді" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өкілетті" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлемде "өкілетті" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

52) 70-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Құзыретті орган Жер қойнауын пайдаланушының Контракт шарттарын, оның ішінде Жұмыс бағдарламасын орындауына бақылау жүргізуді жүзеге асырады. Жер қойнауын пайдаланушы Контракт шарттарын бұзған жағдайда Құзыретті орган жазбаша түрде мұндай ереже бұзушылықты қажеттілігін көрсете алады.";

53) мынадай мазмұндағы 70-1-баппен толықтырылсын:

"70-1. Жер қойнауын пайдаланушыны өзге де мемлекеттік органдар тарапынан бақылау

1. Жер қойнауын пайдаланушының қызметін тексеруді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру құқығын тек Қазақстан Республикасының заңнамалық

актілерімен арнайы құқық берілген мемлекеттік органдар ғана пайдаланады.

2. Мемлекеттік инспекцияларды және өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарын тексеру олардың құзыретіне сәйкес жүзеге асырылады";

54) мынадай мазмұндағы 71-1 және 71-2-баптармен толықтырылсын:

"71-1-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы және Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен белгіленген жауапкершілікке әкеп
с о ғ а д ы .

71 - 2 - б а п . Д а у л а р д ы ш е ш у

1. Контрактіні жасауға, орындауға және тоқтатуға байланысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер жүргізумен не Контракте бұрын келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Егер мұндай даулар осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес шешілмейтін болса, онда тараптардың кез келгені дауларды шешу үшін:

1) осындай дауларды қарауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттендірілген Қазақстан Республикасының сот органдарына;

2) инвестициялар туралы заңнамалық төрелік органдарға бере алады";

55) 73-баптың 3-тармағында "Барлауға және/немесе Өндіруге лицензиялар беріледі" деген сөздер "Жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылады" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

56) мынадай мазмұндағы 74-1-тармақпен толықтырылсын:

"74-1-бап. Лицензиялық органның функциялары

Жер қойнауын пайдалануға арналған бұрын берілген және қолданыстағы лицензияларға қатысты Лицензиялық органның функциялары (Қазақстан Республикасының Үкіметі) Құзыретті органға жүктеледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша:

"Жарлықта, "Жарлықпен", "Жарлығын", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңда", "Заңмен", "Заңын", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(уәкілетті мемлекеттік орган)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығымен", "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар Жарлығының" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Заңымен",

"Қазақстан Республикасының Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Негізгі терминдер мен түсініктер.

О с ы З а ң д а :

1) Жағалау сызығы - су қоймасының ең көп мөлшерде көтерілуі (судың толығуы) нәтижесінде пайда болған жағалау сызығы. Жағалау сызығының нақты орналасу орнын белгілеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2) "Блок" - мұнай операцияларын жүргізу үшін Жер қойнауын пайдаланушыға арналған және Блок ретінде Блоктар картасында арнайы дайындалған жер қойнауының у ч а с к е с і н б і л д і р е д і .

3) "Ішкі су қоймалары" - көлдерді, жасанды су қоймаларын және басқа да жоғарғы с у р е с у р с т а р ы н б і л д і р е д і .

4) "Өндіру" - Мұнайды жоғарыға шығарумен байланысты кез келген операцияны білдіреді және оның ішінде мыналарды қамтиды:

жер астындағы және жер үстіндегі өнеркәсіптік жабдықтар мен құрылғыларды сату мен пайдалануды, оның ішінде Мұнайды өндіру орнынан жер қойнауын пайдаланушының труба құбырынан Магистральды труба құбырына және (немесе) көліктің басқа түріне аудару орнына дейін тасымалдау үшін;

Мұнайды жоғарыға шығаруды, пайдалану ұңғымаларында жұмыс процесін ұйымдастыруды және ұстап тұруды;

Мұнайды өңдеуді және механикалық қоспалар мен қабаттағы судан тазалауды;

Мұнайдан ілеспе құрамдарды алу, сондай-ақ Табиғи газды ұксатуды;

5) "Теңізді ластау" - теңіз аясына материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістің келіп түсуі, сондай-ақ адамдардың денсаулығына, теңіздің биологиялық ресурстарына және теңіз экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілет, не теңізде не оның жағалауында заңды қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе зиян келтіретін не шығын келтіруге қабілетті сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы.

6) "Құзыретті орган" - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін және Контракт жасаумен және орындаумен байланысты жұмыстардың жүзеге асырылуында Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін мемлекеттік органды білдіреді;

7) "Контракт" - Мұнай операцияларын жүргізуге арналған Мердігер мен Құзыретті орган арасындағы шартты білдіреді.

8) "Контрактілік аумақ" - Мердігер Контрактіге сәйкес келетін Мұнай операцияларын жүргізуге құқылы Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақты білдіреді;

9) "Коммерциялық табу" - Контракт аумағындағы әзірлеу үшін өнімді бір немесе бірнеше Кен орындарын білдіреді;

10) "Магистралды труба құбыры" - Мұнайды жер қойнауын пайдаланушының

құбыр өткізгішінен көліктің басқа түріне аудару, қайта өңдеу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдау үшін арналған желілік бөліктен және онымен іргелескен жер үстілік объектілерден, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын инженерлік құрылманы білдіреді. Магистралды труба құбырына жинақтамалы коллектор режимінде жұмыс істейтін труба құбыры жатпайды;

11) "Кен орны" - кез келген тұрпаттағы геологиялық резервуарда табиғи көмірсутектердің бір немесе бірнеше шоғырларын білдіреді;

12) "Теңіз" - судың үстіңгі қабаты мен қалыңдығын, сондай-ақ Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстандық бөлігінде Каспий және Арал теңіздерінің түбін білдіреді;

13) "Теңіздік ғылыми зерттеулер" - Теңізде Мұнай операцияларын жүргізу салдарын зерделеумен байланысты ғылыми зерттеу жұмыстарын білдіреді;

14) "Теңіздік қорғау аймақтары" немесе "қауіпсіздік аймақтары" - адамдардың, теңіздің биологиялық ресурстарын, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, сондай-ақ кеме қатынасын, балық аулауды және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Теңізде жүзеге асырылатын басқа да заңды қызметті қамтамасыз ету мақсатында Теңіз құрылыстарының айналасында белгіленетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен анықталатын аймақтар;

15) "Теңіздік құрылыстар" - жасанды аралдарды, бөгеттерді, қондырғыларды, жылжымайтын және жүзетін жабдықтарды қоса алғанда, теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған кез келген жасанды құрылыстар;

16) "Теңізде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ең жақсы тәжірибе" - Теңізде Мұнай операцияларын жүргізудің Теңізді ластаудың ең төменгі деңгейін туғызатын немесе Теңізді ластауды толығымен болдырмайтын жалпыға бірдей қабылданған халықаралық тәжірибені білдіреді;

17) "Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі ұлттық компания (ұлттық компания)" - осы Заңмен белгіленген шарттарда мұнай операцияларын жүзеге асыру үшін құрылған мемлекеттің оның жарғылық капиталына жүз пайыздық қатысуы бар заңды т ұ л ғ а ;

18) "Мұнай газ құбырлары" - Мұнай тасымалдауға арналған труба құбырлары, оның ішінде Магистралдық труба құбырлары, жинақтамалы коллектор режимінде жұмыс істейтін труба құбырлары, сондай-ақ труба құбырларының жүйесі немесе оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, айыру және сұйылту жөніндегі жабдықтар мен тетіктер, бақылау және оқшаулау жүйесі, электр механикалық қорғаныс жүйелері мен осындай труба құбырларына қызмет көрсетуге арналған өзге де ж а б д ы қ т а р ;

19) "Мұнай" - Шикі мұнайды, газ конденсатын және Табиғи газды, сондай-ақ Шикі мұнайды, Табиғи газды тазалағаннан кейін және жанатын сланецтерді немесе смолалы құмдарды өңдегеннен кейін алынған көмірсутегін білдіреді;

20) "Мұнай операциялары" - құрғақта, өзенде, көлде және басқа да ішкі су

қоймаларында жүргізілетін жер асты қоймалары мен Мұнай резервуарларын Барлау, Өндіру, Құрылысын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ Теңіздегі Мұнай операцияларын білдіреді;

21) "Теңіздегі Мұнай операциялары" - Теңізде жүзуге айырылатын Мұнай газ құбырларын Барлау, Өндіру, сондай-ақ Құрылысын салу және (немесе) пайдалану;

22) "Оператор" - Мердігердің атынан Келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды басқаруды жүзеге асыратын тұлға; оператордың функциялары мен жауапкершілікті онымен Мердігердің арасындағы шартта белгіленеді;

23) "Мердігер" - Құзыретті органмен Мұнай операцияларын жүргізуге Мердігердің атынан Келісім-шарт жасаушы жеке немесе заңды тұлға;

24) "Кен орындарын ашудың оң тәжірибесі" - Мұнай операцияларын жүргізу кезінде ұтымды, қауіпсіз, тиімді және қажетті болып саналатын жалпыға бірдей халықаралық тәжірибені білдіреді;

25) "Мұнайдағы ілеспе компоненттер" - Мұнай мен кен орындарының қабатты су құрамындағы технологиялық алуды талап ететін пайдалы қазбалар мен әртүрлі қосылыстарды білдіреді;

26) "Сақтық аймағы" - Қазақстан Республикасының аумағында құрғаққа қарай теңіз жағалаулық сызығынан 5 километрге созылып жатқан аймақ;

27) "Шекара маңындағы кен орны" - Қазақстан Республикасы аумағының немесе сол сияқты бір бөлігі басқа аралас немесе қарама қарсы жатқан мемлекеттің аумағына орналасқан немесе заңдық хүкіміндегі аумаққа орналасқан Теңіздің шегінде орналасқан кен орны;

28) "Жағалаулық мемлекеттер" - Каспий және Арал теңіздері (көлдері) алабына іргелес және қарсы жатқан мемлекеттерді білдіреді;

29) "Табиғи газ" - майлы газ, құрғақ газ, ілеспе газды, майлы газдан сығындылау немесе айырудан кейін қалатын сұйық көмірсутектерін қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде газ тәрізді фазада болатын көмірсутектерін және сұйық және газ тәрізді көмірсутектерімен бірге алынған көмірсутегі емес газды білдіреді;

30) "Барлау" - Мұнай іздеу мен Барлаумен байланысты кез келген операцияларды білдіреді, әрі оларға: геологиялық-геофизикалық зерттеулер; құрылымдық бұрғылау;

іздеу және барлау ұңғымаларын бұрғылау, сондай-ақ Барлаудағы Кен орнын сынамалы пайдалану кіреді;

31) "Мұнай газ құбырларын салу және (немесе) пайдалану" - құрғақта, өзендерде, көлдерде, теңізде және басқада ішкі су қоймаларында Мұнай газ құбырларын салу, төсеу және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстар (операциялар);

32) "Мұнайдың жерасты қоймалары мен резервуарларын салу және (немесе) пайдалану" - жерасты мұнай және газ қоймалары мен резервуарларын салумен және (немесе) пайдаланумен байланысты кез келген жұмыстар;

33) "Шикі мұнай" - табиғи сығындылау қолымен табиғи газдан пайда болған дистиллят және конденсат атауымен таныс сұйық көмірсутектерін қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде жер қойнауынан сұйық күйде алынатын үлес салмағынан тәуелсіз кез келген көмірсутектерін білдіреді;

34) Табиғи газды ұқсату - табиғи және мұнай газын технологиялық қажеттіліктер үшін пайдалану және (немесе) оны тауар өніміне дейін дайындау үшін Кен орнында қолөнершілікпен жинауды қамтамасыз етуді білдіреді.

5) 2 - б а п т а :

4-тармақта "Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын" деген сөздер "Республикасы бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4 - б а п т а :

бірінші абзацындағы "Лицензиялық органда" деген сөздер "Құзыретті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"инвестициялық бағдарламалар (тендері)" сөздері алынып тасталсын;

7) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 6-1)-6-5)-тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) мұнайдың экспорты мен импортын, оның ішінде мұнайдың импорты мен экспортына акциздер ставкасын, кедендік, қорғаныштық, антидемпингтік және өтемақылық баждарды, квоталарды бекіту (өзгерту) жолымен реттейді;

6-2) көліктің әртүрлерімен мұнайды тасымалдауға арналған сандық шектеулерді (квоталарды) белгілейді;

6-3) мұнайды өндіру мен айналысының бірыңғай деректер базасын енгізу тәртібін белгілейді;

6-4) мұнай операцияларын жүзеге асырушы тұлғалардың деректер базасына мұнай өндіру және (немесе) айналымының көлемі туралы мәліметтер беру нысанын, мазмұнын, тәртібін және мерзімін белгілейді;

6-5) мұнай өндіру, сақтау және айналымының технологиялық процесіне қауіпсіздік шараларының сақталуына бақылау жүйесін ұйымдастырады.";

9-1) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10) және 11)-тармақшалармен толықтырылсын:

"10) инвестициялық бағдарламалар конкурсына, оның ішінде Ұлттық компанияның үлестік қатысуымен, қойылуға жататын Блоктардың тізбесін, сондай-ақ Ұлттық компаниялар тікелей келіссөздер негізінде ұсынатын Блоктардың тізбесін бекітеді;

11) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарлар алудың, жұмыстар мен қызмет көрсетудің ережелерін бекітеді;

8) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшасында "тәуелсіз сарапшылардың" деген сөздер "сарапшылардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) конкурс ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңымен көзделген жағдайларда тікелей келіссөздер негізінде мұнай операцияларын жүргізуге құқық беру.";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Контрактіге қол қою және оны тіркеу";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген өкілеттіктерге сәйкес Контрактілерде Қазақстан Республикасын білдіреді.";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшасымен толықтырылсын;

"6-1) конкурсқа, оның ішінде Ұлттық компанияның үлестік қатысуымен қойылуға жататын Блоктардың тізбесі, сондай-ақ Ұлттық компаниялар тікелей келіссөздер негізінде ұсынатын Блоктардың тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу";

7-1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"барлауға, өндіруге және бірлесіп барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты дайындауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады";

7-3)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-3) жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен бірлесе отырып мұнай операцияларын жүргізуге арналған контрактілер шарттарының сақталуы мониторинг пен бақылауды, ал ұлттық компаниямен мұнай операторларын жүргізуге арналған контрактілер шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асырады. "Контрактілердің шарттарын орындауды сақтаудың мониторингі мен бақылау құрылымын, мазмұнын және жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 7-4)-тармақшасымен толықтырылсын:

"7-4) кен орынын әзірлеу жобасына сәйкес мұнайды өндіру мен айналысын мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тек кен орындарының қорына мемлекеттік сараптау жүргізілгеннен кейін өнеркәсіптік санаттар қорларының бары расталғаннан кейін Өндіруге арналған конкурс өткізу және Контрактілер жасау";

9) 7-баптың 2)-тармақшасында "қатысады" деген сөз "қатысуға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 7 - 1 - б а б ы н д а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және Контрактіде бекітілген өкілеттіктер шегінде Ұлттық компанияның үлестік қатысуын көздейтін Мердігерлермен Контрактіде мемлекет мүддесін білдіру";

мынадай редакциядағы 2-1), 2-2) және 2-3)-тармақшаларымен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімі бойынша Контрактілерде үлестік қатысу жолымен конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу ;

2-2) өз бетімен мұнай операцияларын жүзеге асыруға арналған Блоктарда мұнай операцияларын жүргізу ;

2-3) мұнайгаз саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

"4) заңнамамен белгіленген тәртіппен мұнайгаз операцияларын жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі жобаларына қатысу";

мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7)-тармақшалармен толықтырылсын:

5) заңнамамен белгіленген тәртіппен көмірсутегін тасымалдау жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі жобаларына қатысу;

6) Контрактілердің орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жылсайынғы есептерін дайындауға қатысу;

7) көмірсутегін барлау, әзірлеу, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнайгаз құбырлары мен мұнайгаз өнеркәсібі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері жөніндегі корпоративтік басқаруды және мониторингісін жүзеге асыру;

11) мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

"7-2-бап. Үлестік қатысу жолымен Ұлттық компанияның мұнай операцияларын жүргізуі .

1. Ұлттық компанияның Контрактіге үлестік қатысу жолымен конкурс жеңімпаздарымен бірлесе отырып мұнай операцияларын жүргізуі кезінде Ұлттық компания Жер қойнауын пайдалану құқықтарына бірлескен иегері ретінде көрінеді. Мұндай жер қойнауын пайдаланушылардың өзара құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Құзыретті органға қатысты құқықтары мен міндеттері Контрактіде анықталады .

2. Ұлттық компания "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жер қойнауын пайдалану-құқығын еншілес Ұйымға беруге құқылы" .

12) 8 - 2 - б а б ы н д а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жерасты қоймалары мен мұнай резервуарларын Барлау, Өндіру, бірлескен Барлау, Құрылысын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқық "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңмен белгіленген тәртіппен беріледі";

2 - тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "Теңізде" деген сөз алынып тасталсын;

4-тармақта "теңізде" деген сөз алынып тасталсын;

13) 25-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактілер концессия, өнімді бөлу, мердігерлік, қайтарылатын қызмет көрсету (сервистік Контракт) шарттарының негізінде жасалады. Контрактіні жасау, орындау, өзгерту немесе тоқтату тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі".

1 4) 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"мерзіммен" деген сөзден кейін "алты айға" деген сөздер "алты айға дейін" сөздерімен ауыстырылсын;

"Барлауға Контракт" деген сөздер "Барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контракт" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тиісті жұмыс бағдарламаларымен" деген сөздер "жұмыс бағдарламасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Барлау бойынша операция жүргізуге арналған Контрактінің мерзімі, егер Мердігер Контрактінің мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей Құзыретті органға өтініш білдірсе, ұзартылуы мүмкін.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемдегі "Өндіруге арналған Контракт" деген сөздер "Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контракт" деген сөздермен ауыстырылсын";

екінші сөйлемдегі "Өндіруге арналған Контрактіні" деген сөздер "Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактіні" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-сөйлемдегі "Бірлескен Барлау мен Өндіруге арналған Контракт" деген сөздер "Бірлескен Барлау мен Өндіру операцияларын жүргізуге арналған Контракт" деген сөздермен ауыстырылсын";

3 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде бірлескен "Барлау мен Өндіруге арналған Контракт" сөздері "бірлескен Барлау мен Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контракт" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1-тармақпен" деген сөздер "1 және 2-тармақтармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай мазмұнда жазылсын:

"Контракт шарттарының конкурстық ұсыныстың шарттарымен салыстырғанда Қазақстан Республикасына қатысты пайдасының аз болуы мүмкін емес".

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Контрактінің шарттары тараптардың өзара келісімімен анықталады".

7 - тармақ алынып тасталсын;

15) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Контрактіні жасау, өзгерту мен тоқтату және мұнай операцияларын тоқтата
т ұ р у

Контрактіні жасау, өзгерту мен тоқтату және мұнай операцияларын тоқтата тұруға
жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамамен белгіленген ереже
қ о л д а н ы л а д ы . " ;

16) 28-1 және 29-баптар алынып тасталсын;

1 7) 3 0 - б а п т а :

2-тармақтағы "жұмыс бағдарламаларымен" деген сөздер Контрактілермен" деген
с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3- және 4 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мердігер Барлау мен Өндіруді жүргізу кезінде кен орындарын әзірлеудің оң
практикасын басшылыққа алуға міндетті.

4. Барлауды жүзеге асырушы Мердігер кен орындарын, сынақтық пайдалануды
жүргізуге, егер ол Контрактіде көзделсе, құқылы";

1 8) 3 0 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"30-1-бап. Жұмыс бағдарламасы және Жұмыстардың жылдық бағдарламасы

1- және 2-тармақтар алынып тасталсын;

5-тармақта "Мердігер ұсынған жұмыстар және есеп берулердің бекітілген жылдық
бағдарламасының көшірмелері" деген сөздер "жұмыстардың жылдық бағдарламасын
келісу хаттамаларының көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын, "және есеп
берулер" деген сөздер алынып тасталсын;

1 9) 3 0 - 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұнайгаз кен орындарын ілеспе және (немесе) табиғи газды ұқсатусыз
өнеркәсіптік әзірлеуге тыйым салынады";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Ілеспе және (немесе) табиғи газды авариялық жағдайды және адамдардың
денсаулығы мен қоршаған ортаға төнетін қауіпті қоспағанда, факелдерде және басқа
тәсілмен жағуға тыйым салынады";

1-2. Ұңғымаларды сынау және Кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде жер
қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік органның рұқсатымен айрықша
жағдайларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жалпы мерзімі үш жылдан
аспайтындай мерзіммен жағуға жол беріледі".

2-тармақта "1-тармақпен" деген сөздер "1-2-тармақпен" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 және 4-тармақтар алынып тасталсын;

20) 30-9-бабының 4-тармағындағы "алдын алу шаралары" деген сөздер "ластаудың алдын алу шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 1) 3 1 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Контрактілік аумақты өзгерту Контрактіге, оның ішінде Геологиялық және (немесе) Таукендік бөлуге тиісті өзгерістер енгізу жолымен жүзеге асырылады.";

4 - т а р м а қ т а :

"бірыңғай ең төмен, Барлау жүргізу қажет болған" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтағы "ең төмен, міндетті" деген сөздер "жұмыс" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 2) 3 6 - 1 - б а б ы н д а :

7 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "көлік және коммуникациялар саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

"4 айдан кешіктірмей" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

9. Теңіздің жер қойнауында мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жұмыстарды және (немесе) қызмет көрсетулерді орындауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға осы баппен көзделген нормалар қолданылады";

2 3) 3 6 - 2 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

"арнаулы бағдарлама" деген сөздер "арнаулы бағдарламамен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Материалдарға, заттарға, олардың санына және қол жеткізілімдігіне нормативтер мен талаптарды мемлекеттік органдар белгілейді";

2 4) 3 6 - 3 - б а п т а :

2-баптың 2-тармағында "қорғауға" деген сөз "күзетке" деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 36-6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды тастауға және көмуге т ы ы м с а л ы н а д ы . " ;

2 6) 4 1 - б а п т а :

1)-тармақшадағы "әлемдік өнеркәсіпте" деген сөздер "халықаралық тәжірибеде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай операцияларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қазақстандық кадрларға артықшылықтар беруге; қаржыландыру көлемі Контрактімен белгіленеді";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"Құзыретті органға Жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат беру";

27) 47-бап және оның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама

Белгіленген қызметтің айналадағы ортаға әсер етуіне міндетті түрде баға бере отырып, (АОӘБ) нұсқаулық негізінде орындалған Мұнай операцияларының экологиялық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік экологиялық сараптаудың оң қорытындысы теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған Контракт қол қою үшін қажетті экологиялық негіздеме болып табылады.";

28) 53-баптың 1-тармағында:

"немесе халықаралық ұйымға" деген сөздер алынып тасталсын;

"оның ішінде акциялардың бақылау пакетін бөлектеу жолымен" деген сөздер алынып тасталсын;

"Лицензиялық және Құзырлы органдардың" деген сөздер "Құзырлы органдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 53-1 баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға, сондай-ақ теңіздегі Мұнай операцияларына тек қана Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.";

30) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Дауларды шешу

1. Контрактіні орындаумен және тоқтатумен байланысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу жолымен, немесе Контрактіде бұрын келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Егер мұндай даулар осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес шешілуі мүмкін болмаса, онда тараптардың кез келгені дауды шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай дауларды қарауға уәкілеттендірілген Қазақстан Республикасының сот органдарына;

2) инвестициялар туралы заңнамалық актілерге сәйкес халықаралық арбитраждық органдарға тапсырылады.

3. Контрактіден туындамайтын жер қойнауын қорғау саласындағы дауларды қоса алғанда, осы баптың 1-тармағымен көзделмеген өзге де дауларды, сондай-ақ Жер қойнауын пайдаланушының заңды тұлғалармен және Қазақстан Республикасының азаматтарымен дауларды, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының уәкілетті сот органдары шешеді".

2-бап. Осы Заңды қолдануға енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК